

Анарбаев Ермек Ахметовичтің  
 БД090700 – «Кадастр» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 «Ауылшаруашылық жерлердің пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, сапалық жағдайын бағалау және зерттеу  
 (Түркістан облысы мысағында)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына  
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация тақырыбы мен бағыттары Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2018-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес болып келеді. Диссертацияда ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың, бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге қатысты теориялық және тәжірибелік мәселелер қарастырылды.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс, оның негізгі өзектілігін көрсететін негізгі артумент жердің кадастрлық құнын бағалаудағы кешенді зерттеуде биосфералық, экономикалық және әлеуметтік маңыздылықтары тұрғысынан зерттелді. Жерді бағашаудың жан-жақты теориялық-әдіснамалық, қазіргі

		<p>жағдайдағы технологиялық тәсілдері қолданылып, жер ресурстарын басқару жүйесіндегі жер-бағалау жұмыстарының негіжелері анықталды. Жер ауыл шаруашылығы үшін жылжымайтын мүлік болып табылса, екінші жағынан басты өндірістік құрал. Сондықтан, ауыл шаруашылығында жер ресурстарын басқару – басқарудың түрлі функцияларын ескеретін ерекше әдістемелік тәсілдерді, соның ішінде жер-бағалау қызметтерін қажет етеді. Ауыл шаруашылығы алаптарының кадастрлық құнын бағалаудағы кешенді тәсіл диссертациялық жұмыстың өзектілігін, оның тәжірибелік құндылығын көрсететін жер ресурстарын басқару үрдісіндегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін жер-бағалау жұмыстарының нәтижелерін қолданысқа енгізуге мүмкіндік береді.</p> <p>Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс өзіндік аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Теориялық, әдіснамалық және әдістемелік әзірлемелердің ғылыми және тәжірибелік құндылығы бар, аграрлық экономиканың дамуына үлесін қосады. Ізденуші мен дайындалған әдіснамалық және әдістемелік құралдар көп қырлы аграрлық экономика шеңберінде тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін көтеретін, жердің қолжетімді кадастрлық құнын анықтауды қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертация кешенді ғылыми зерттеу жұмыс болып табылады, онда ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеру мақсатында агроөнеркәсіп кешендерінің жер ресурстарын басқару құралы ретінде, ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p> <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жаратылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>

		<p>кешенді бағалаудың әдіснамалық қажеттейтін теориялық және әдістемелік тәжірибелер негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <b>1) айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертацияның тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертацияда ұсынылған ғылыми ережелер, тұжырымдамалар, ұсыныстар теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негізделген, зерттеу нәтижелері расталған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу мақсаты диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді, қойылған міндеттер бір-бірімен өзара байланысты және мақсатты шешуге бағытталған. Агроөнеркәсіп кешенінің жер ресурстарын басқару жүйесінде қолданудың әдісі және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің басты тетігі ретінде ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау әдістемесін жетілдіру диссертациялық зерттеудің мақсаты болып табылады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <b>толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияға стандартты сілтемелер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар, кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерді қамтитын компьютермен терілген 110 беттен, сонымен 17 суреттен, 22 кестеден тұрады. Аяқталған зерттеу жұмысының логикалық құрылымы бар және талапқа сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың толық жазба бөлімінен жұмыстың маңыздылығы түсінікті тілмен келтірілген, зерттеу нәтижелерінің құндылығын айқындауға болады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b></p>	<p>Автор диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелерін отандық және шетелдік ғылыми еңбектерімен салыстыра отырып, сыни талдаулар жасалынған. Ауыл шаруашылығын бағалау бойынша кешенді зерттеулер жүргізуден және оның нәтижелерін аумақтық</p>

	<p>2) тапдау жартылай жүргізілген; 3) тапдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>ерекшіліктерді ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру үшін қажетті жағдайларды жасайтын маңызды фактор ретінде пайдалану ұсынылған.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қатидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа</b>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қатидаттары жаңа болып табылады, оның жаңалығы жер ресурстарын басқару саласындағы теориялық және әдіснамалық қатидаттардың дамуына өз үлесін қосады, ауыл шаруашылығы алаптарының кадастрлық құнын кешенді бағалауда әдістемелік тәсілдерді негіздейді, аграрлық экономика мәселелерін шешуге оның нәтижелерін қолдануға болады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа</b>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жерді биосфералық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан жердің кадастрлық құнын анықтаудың көп қырлы тәсілін қолдана отырып, ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын кешенді бағалаудың әдіснамалық жолын ұсыну ауыл шаруашылығы жерлерінің халық шаруашылықтық құндылығын айқындайды, жер нарығы дамуының заңдылығын реттейді, жер-бағалау жұмыстарының нәтижелерін қолдана отырып, аграрлық саланың дамуына ықпал етеді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа</b>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмысты жазуда қойылған мақсат және міндеттерді шешуде қолданылатын технологиялық, техникалық және экономикалық басқарудың шешімдері негізделген, 80 пайызға жаңа болып табылады. Жер ресурстарын басқару, жекегей алғанда ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау мемлекет қызметінің басты звеносы болғандықтан аграрлық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету міндеттерін шешуде аталған саланы жетілдіру жолдарын жаңа көкарас тұрғысынан</p>

		<p>карастырылған.</p> <p>Барлық қорытындылар мен ұсыныстар ғылыми тұрғыда негізделген, берілген тұжырымдамалар күдік тудырмайды, ауыл шаруашылығы жерлерінің мүмкіндіктерін қолдану тиімділігін көтеру міндеттерін шешеді. Сонымен қатар, қорытындылар мен ұсыныстар негізділігі ғылыми-тәжірибелік, ғылыми конференцияларда талқыланғандығымен, ғылыми басшыларда жарық көргендігімен, нәтижелерін өндіріске ендіру бойынша екі акт жасалғандығымен дәлелденеді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидағтары тривиалды емес.</p> <p>7.3 Бағалауға сәйкес кешенді зерттеуден кейін оның нәтижелерін аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеру ұсынылды.</p> <p>7.4 Зерттеудің құндылығы агроөнеркәсіп кешенінің жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеудегі ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалаудың теориялық және әдіснамалық ережелерін дамытуда кенінен қолданылады.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде Scopus мәліметтер базасына кіретін 2 мақала Q3-34%, Q2-70% және БҒСБК саласына кіретін ғылыми басшыларда 5 ғылыми мақала, 3 мақала халықаралық конференция басшыларында жарияланды.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидағтары тривиалды емес.</p> <p>7.3 Бағалауға сәйкес кешенді зерттеуден кейін оның нәтижелерін аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеру ұсынылды.</p> <p>7.4 Зерттеудің құндылығы агроөнеркәсіп кешенінің жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеудегі ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалаудың теориялық және әдіснамалық ережелерін дамытуда кенінен қолданылады.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде Scopus мәліметтер базасына кіретін 2 мақала Q3-34%, Q2-70% және БҒСБК саласына кіретін ғылыми басшыларда 5 ғылыми мақала, 3 мақала халықаралық конференция басшыларында жарияланды.</p>

8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ 8.4 Маньызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / шінара расталған / расталмаған 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға	Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында абстракты- логикалық, диалектикалық, сараптаулық, монографиялық зерттеулер, факторлы сараптау, корреляциялық-регрессиялық сараптау, статистикалық, салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы компьютермен терілген 110 беттен, сонымен 17 суреттен, 22 кестеден тұрады. Алынған қорытындылар зерттеу нәтижелерін сипаттайды және қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Жұмыстың қорытындылары тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Маньызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған және 123 отандық және шетелдік әдебиеттерге сілтеме жасалынған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жердің зерттеулері мен басталау мәселелері
---	--	---

	жеткілікті/жеткіліксіз	отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін қолдана отырып талқыланды.
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) <b>толығымен жана;</b></p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Зерттеудің теориялық құндылығы агроөнеркәсіп кешінің жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеудегі ұйымдастырушылық-экономикалық механизмді жетілдіруге мүмкіндік беретін, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталатын кешенді тәсіл негізінде ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалаудың теориялық және әдіснамалық ережелерін дамытуға арналады.</p> <p>Жұмыстың тәжірибелік құндылығы: бағалау көрсеткіштерін факторлық анықтау; шаруашылық етудің түрлі формасындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің ерекшеліктерін ескеру; белгілі бір аумақ ерекшелігіне сәйкес потенциалды анықтау және шаруашылық ету формасын есепке ала отырып жер салығын жетілдіру жолдары; жер беру ережелері негізінде ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануды реттеу; кадастрлық бағалау нәтижелерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланушылар мен меншік иелерінен жер пайдалануды ұйымдастыру.</p> <p>Жұмыстағы ұсыныстарды ендіру арқылы көп бағытты аграрлы экономиканы тұрақты дамыту шеңберінде түрлі шаруашылық ету формаларының бәсекеге қабілеттілігін көтеруге болады, агроөнеркәсіптік кешендердің және ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін арттыруға болады, сонымен қатар өнімдік, өңіралалық аграрлық экономиканы дамытуға аумақтық ұйымдастыруды арттыруға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу	Академиялық жазу сапасы: Ізденушінің диссертациялық жұмысының академиялық

сапасы	1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	жазу сапасы – жоғары; жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде дайындалған және толығымен аяқталған, жүйелі ғылыми зерттеу жұмысын жүргізген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жанашырлығы мен практикалық қолданысы, мазмұны мен көлемі, жазылу сапасы мен ресімдеу сапасы жағынан да Қазақстан Респубикасы Білім және Ғылым Министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді тағайындау ережелері» талаптарына сай.
--------	--	---

**Шешім:** 6D090700 – «Қадастр» мамандығы бойынша Анарбаев Ермек Ахметович философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

Д.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
 «Геодезия және картография» кафедрасының қауымдастырылған  
 профессорының М.а., экономика ғылымдарының кандидаты

*Handwritten signature*

**Н.З. Ахметова**

